

**Орал қалалық мәслихатының 2007 жылғы 27 ақпандағы N 40-9 "Орал қаласында төлем ставкаларын белгілеу" туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

**Күшін жойған**

Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық мәслихаттың 2007 жылғы 25 желтоқсандағы N 4-9 шешімі. Батыс Қазақстан облысы Орал қаласының әділет басқармасында 2008 жылғы 22 қаңтарда N 7-1-82 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық мәслихаттың 2008 жылғы 23 желтоқсандағы N 13-15 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық мәслихаттың 2008.12.23 N 13-15 Шешімімен.**

Қазақстан Республикасы Салық Кодексінің 373, 394 баптарына сәйкес және Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6, 7 баптарын басшылыққа алып, Орал қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Орал қалалық мәслихатының 2007 жылғы 27 ақпандағы N 40-9 "Орал қаласында төлем ставкаларын белгілеу" туралы" (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде 7-1-62 нөмірмен тіркелген, "Жайық үні" газетінде 2007 жылғы 29 наурыздағы N 13 жарияланған, Орал қалалық мәслихатының 2007 жылғы 30 қазандағы N 3-9 "Орал қалалық мәслихатының 2007 жылғы 27 ақпандағы N 40-9 "Орал қаласында төлем ставкаларын белгілеу" туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде 7-1-77 нөмірмен тіркелген, "Жайық үні" газетінде 2007 жылғы 6 желтоқсандағы N 49 жарияланған шешімімен енгізілген өзгерістерді ескере отырып) шешіміне келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) "Қазақстан Республикасының Салық Кодексінің 373 бабына сәйкес жүзеге асырылатын кәсіпкерлік қызмет түрлерінің тізбесі" N 2 қосымшасы келесі мазмұндағы 4 тармақпен толықтырылсын:

N	Қызмет түрлерінің тізбесі	Бір күнге бір жолғы талондардың құны (айлық есеп көрсеткішінен %)
4.	үй жануарларымен құстарын жаю	0,5

2) "Ойын бизнесі саласындағы қызметті жүзеге асыратын салық төлеушілер үшін салық салу нысанының бірлігіне тіркелген жиынтық салық ставкалары" N 4 қосымшасының "жылына айлық есеп көрсеткішінен бекітілген жиынтық салық ставкасы" бағандағы салық салу нысандары бойынша: "бильярд үстелі" "300" санын "99" санымен, "боулинг (кегельбан)" "500" санын "158" санымен

а у ы с т ы р ы л с ы н .

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі .

Ескерту. 2 тармаққа өзгерту енгізілді - Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық мәслихаттың 2008.08.12 N 10-4 Шешімімен.

*Орал қалалық мәслихатының  
кезекті 4-ші сессиясының төрағасы  
Орал қалалық мәслихатының хатшысы*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК